

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2014 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

Алматы 2014 ж.

Мазмұны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	2
I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ.....	Ошибка! Закладка не определена.
1. АКТИВТЕР	3
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	4
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	Ошибка! Закладка не определена.
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	Ошибка! Закладка не определена.
5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	Ошибка! Закладка не определена.
II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	8
1. АКТИВТЕР	8
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	8
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	9
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	10
5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

Банктік емес сектордың құрылымы	1.01.14	1.04.14
Ипотекалық ұйымдардың саны, оның ішінде:	2	3
- жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын ипотекалық ұйымдар	1	1
- ипотекалық ұйымдар	1	2
Ипотекалық ұйымдар өкілдерінің саны	14	14
Банктік емес ұйымдардың саны, оның ішінде:	5	5
<i>Жалғыз акционері агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар</i>	4	4
<i>Ұлттық почта операторы</i>	1	1
Банктік емес ұйымдардың филиалдарының саны	35	35
Банктік емес ұйымдардың өкілдерінің саны, оның ішінде	19	19
<i>Қазақстан Республикасында</i>	17	17
<i>Шетелде</i>	2	2
Банктік емес ұйымдардың еншілес ұйымдарының саны	7	7

I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

1. АКТИВТЕР

2-кесте. Қазақстан Республикасының ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің құрылымы


Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі/, азаюы %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Ақша	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0%
Ағымдағы шоттар	0,6	0,4	4,8	2,7	8 есе
Бағалы қағаздар	20,3	13,2	21,1	11,9	3,9%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	25,2	16,4	39,6	22,4	57,1%
Клиенттерге берілген қарыздар	97,7	63,6	93,3	52,8	-4,5%
«кері РЕПО» операциялары	0	0,00	1,2	0,7	100%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,6	3,0	5,3	3,0	15,2%
Клиенттерге ХҚЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-3,5	-2,3	-3,4	-1,9	-2,9%
Басқа активтер	8,6	5,6	14,7	8,3	70,9%

Барлығы активтер	153,6	100,0	176,7	100,0	15,0%
-------------------------	--------------	--------------	--------------	--------------	--------------

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 176,7 млрд. теңге, жыл басындағы көрсеткіштен 23,1 млрд. теңгеге немесе 15%-ға көп.

Жыл басымен салыстырғанда берілген қарыздардың 4,5%-ға азаюы, бір уақытта бағалы қағаздар портфелінің мөлшері 3,9-ға ұлғаюы байқалады.

Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымының маңызды үлесін клиенттердің қарызы – 52,8% (93,3 млрд. теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдар – 22,4% (39,6 млрд. теңге), бағалы қағаздар – 11,9% (21,1 млрд. теңге) құрады.



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 93,3 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылдың басында құралған көрсеткіштен 4,4 млрд. теңгеге немесе 4,5%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ берген кредиттері ие болды – 99,5%.

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен сыйақыны қоса алғанда) 0,4%-ды құрады (немесе 376 млн. теңге), оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 0,31 % (немесе 287 млн. теңге) болды.

Есепті күнге құрылған провизиялар 3,4 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі құрылған провизиялардың үлес салмағы 3,6%).

3-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің құрылымы

№	Көрсеткіштер	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі, (%-бен)
		млн. теңге	жиынтығын -да%	млн. теңге	жиынтығын -да%	
1	Қарыздардың баланстық құны, оның ішінде:	97 194	100,0%	94 202	100,0%	-3,1%
2	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар	22	0,0%	22	0,0%	0,0%
3	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	97 464	100,3%	92 990	98,7%	-4,6%
4	Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	248	0,3%	240	0,3%	-3,2%
6	ХҚЕС бойынша провизиялар	-3 454	-3,6%	-3 362	-3,6%	-2,7%
7	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша дисконт	-73	-0,1%	-71	-0,1%	-2,7%
8	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйлықақы	2 985	3,1%	4 382	4,7%	46,8%

4-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несиелік портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы /күні	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі, %-бен
	сомасы млн. теңгемен	жиынтығында%	сомасы млн. теңгемен	жиынтығында%	
Несие портфелінің жиынтығы	97 735	100%	93 252	100%	-4,6%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	20,0	0,02%	36,5	0,04%	82,5%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	9,2	0,01%	29,9	0,03%	225,0%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	11,3	0,01%	22,4	0,02%	98,2%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	357,5	0,37%	286,9	0,31%	-19,7%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жиынтығы	398,1	0,4%	375,8	0,4%	-5,6%
ХКЕС бойынша провизиялар	3 454	3,5%	3 362	3,6%	-2,7%

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек несиелік портфелінің 0,03%, 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,02% және 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,04% болды.

Есепті күні негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 2014 жылдың басынан 19,7%-ға азайып, 286,9 млн. теңге немесе несиелік портфелінің 0,31% болды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2014 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 14 млрд. теңгеге немесе 11,4%-ға ұлғайды және 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 136,6 млрд. теңге болды.


2014 жылғы 1 сәуірдегі деректермен салыстырғанда айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша 14,2%-ға, басқа кредиторлар бойынша 50%-ға және басқа да міндеттемелер бойынша 5,3%-ға ұлғаюы байқалды.

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында шығарылған облигациялар түріндегі міндеттемелер (65,9%) басым болады.

5-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы


ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Алынған қарыздар	28,3	23,1	28,4	20,8	0,4%
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	78,8	64,3	90,0	65,9	14,2%
Басқа кредиторлар	4,2	3,4	6,3	4,6	50,0%
Басқа міндеттемелер	11,3	9,2	11,9	8,7	5,3%
Міндеттемелердің барлығы	122,6	100,0	136,6	100,0	11,4%

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымның баланстық меншікті капиталы 40 млрд. теңге, бұл ағымдағы жылдың басында қалыптасқан көрсеткіштен 9 млрд. теңгеге көп.



2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың реттеуші меншікті капиталының мөлшері 47,1 млрд. теңгені құрады. Ал жылдың басында осы көрсеткіш 37,8 млрд. теңгені құрады.

Меншікті капитал жеткіліктілігі	2014 жылғы 1 қаңтар	2014 жылғы 1 сәуір
1	2	3
Төленген жарғылық капитал (о.і. қосымша капитал), млрд.теңге	48,1	56,8
Есептік меншікті капитал, млрд.теңге	37,8	47,1
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($\kappa_1 \geq 0,06$)	0,202	0,226

Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($\kappa_{1-2} \geq 0,06$)	0,235	0,263
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($\kappa_{1-3} \geq 0,12$)	0,287	0,311

Есепті күні капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері $\kappa_1 - 0,226$; $\kappa_{1-2} - 0,263$; $\kappa_{1-3} - 0,311$ болды. Бұл ретте, 2014 жылдың басына капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері $\kappa_1 - 0,202$; $\kappa_{1-2} - 0,235$; $\kappa_{1-3} - 0,287$ болды.

5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

6-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының кірістілігі

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.04.2013 (млрд. теңге)	01.04.2014 (млрд. теңге)	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	1,8	4,0	2,2 есе
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	2,0	3,0	50,0%
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	0,2	6,5	32,5 есе
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	4,2	6,7	59,5%
Таза кіріс (шығын)	-4,2	0,8	- 119%

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар 0,8 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

Пайыздық кірістер құрылымында ең көп үлеске клиенттерге қойылатын талаптар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (67,13% немесе 2,7 млрд. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты шығыстар (67,8% немесе 2,2 млрд. теңге) ие болды.



II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

1. АКТИВТЕР

8-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің құрылымы


Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары	44,4	7,3	79,4	12,3	78,8
Орналастырылған салымдар	7,6	1,3	18	2,8	136,8
Бағалы қағаздар	11,2	1,8	13,2	2,0	17,9
Берілген қарыздар	192,5	31,8	170,9	26,4	-11,2
Қаржылық жалдау	116,2	19,2	120,3	18,6	3,5
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	21,9	3,6	22,5	3,5	2,7
Дебиторлық берешек	86,1	14,2	101,7	15,7	18,1
Басқа активтер	126,0	20,8	241,5	37,3	91,7
Активтердің барлығы	605,9	100,0	647,2	100,0	6,8

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық активтері жылдың басынан 6,8%-ға ұлғайып, 647,2 млрд. теңге болды.

Жылдың басымен салыстырғанда қаржылық жалдау 3,6%-ға, екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған салымдар 136,8%-ға, бағалы қағаздар 17,9%-ға, басқа активтер 91,7%-ға, ақша қаражаты 79,0%-ға және дебиторлық берешек 18,1%-ға ұлғайғаны, сонымен бірге берілген қарыздар мөлшері 11,2%-ға азайғаны байқалады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар – 26,4% (170,9 млрд. теңге), қаржылық жалдау – 18,6% (120,3 млрд. теңге), дебиторлық берешек – 15,7% (101,7 млрд. теңге), басқа активтер – 37,3% (241,5 млрд. теңге) ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары – 12,3% (79,4 млрд. теңге) болды.

5-график. Банктік емес ұйымдардың активтері мен несие портфелінің динамикасы



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфелі (қаржылық жалдауды ескергенде) 291,2 млрд. теңге болды, бұл 2014 жылдың басында болған көрсеткіштен 17,5 млрд. теңгеге немесе 5,7%-ға аз.

По состоянию на 1 апреля 2014 года совокупный ссудный портфель (с учетом финансовой аренды) небанковских организаций составил 291,2 млрд. тенге, что меньше показателя, сложившегося на начало 2014 года, на 17,5 млрд. тенге или 5,7%.

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен берешекті қоса алғанда) 21,5% (немесе 62,7 млрд. теңге), оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 14,5% (немесе 42,2 млрд. теңге) болды.

Есепті күнге қалыптастырылған провизиялар 41,9 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі құрылған провизиялардың үлес салмағы 14,4%).

9-кесте. Банктік емес ұйымдардың несие портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы /күні	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Несие портфелінің жиынтығы	192,5	100,0	291,2	100,0	51,3
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	1,5	0,8	11,9	4,1	693,3
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	2,4	1,2	3,7	1,3	54,2
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	0,6	0,3	5,0	1,7	733,3
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	39,0	20,3	42,2	14,5	8,2
Негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жиынтығы	43,4	22,5	62,7	21,5	44,5
ХҚЕС бойынша провизиялар	34,0	17,7	41,9	14,4	23,2

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек несие портфелінің 4,1%, 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 1,3% және 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 1,7% болды.

Есепті күні негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 1 тоқсанда 8,2 %-ға ұлғайып, 42,2 млрд. теңге немесе несие портфелінің 14,5% болды.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес несие портфелі бойынша қалыптасқан провизиялар (резервтер) 41,9 млрд. теңге болды немесе банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфелінің 14,4% құрады және 2014 жылғы 1 сәуірмен салыстырғанда 23,2%-ға ұлғайды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР


2014 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 30,7 млрд. теңгеге немесе 9,0%-ға ұлғайды және 2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 370,5 млрд. теңге болды.

Жылдың басымен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздар 8,6%-ға, басқа кредиторлық берешек 3,6%-ға және тартылған салымдар 3,9%-ға, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар 1,8%-ға және басқа міндеттемелер 50,5%-ға ұлғаюы байқалды.

Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздар түріндегі міндеттемелер (69,9%) басым болады.

10-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің құрылымы					
Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.2014		01.04.2014		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Тартылған салымдар	17,8	5,2	18,5	5,0	3,9
Алынған қарыздар	238,4	70,2	259	69,9	8,6
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	51,2	15,1	52,1	14,1	1,8
Кредиторлық берешек	16,6	4,9	17,2	4,6	3,6
Басқа міндеттемелер	15,7	4,6	23,7	6,4	50,9
Міндеттемелердің барлығы	339,8	100,0	370,5	100,0	9,0


7-график. Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 269,6 млрд. теңге, бұл 2014 жылғы 1 қаңтардағы қалыптасқан көрсеткіштен 3,6 млрд. теңгеге немесе 1,4%-ға көп.

8-график. Банктік емес ұйымдардың меншікті капиталының құрылымы



11-кесте. Меншікті капитал жеткіліктілігі

Ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының меншікті капитал жеткіліктілігі	01.01.2014	01.04.2014
	2	3
1		
Төленген жарғылық капитал, млрд. теңге	229,1	229,1
Есептік меншікті капитал, млрд. теңге	234,8	237,8
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1)	2,056	1,979
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-2)	2,877	3,077
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-3)	2,352	2,456

Ұлттық почта операторының меншікті капитал жеткіліктілігі		
Меншікті капитал, млн. теңге	10 796	11 097
Меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті	0,218	0,198
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,470	0,415

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының реттеуші меншікті капиталының мөлшері 237,8 млрд. теңге болды. Ал жылдың басында осындай көрсеткіш 234,8 млрд. теңге болған.

Есепті күні капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері к1 – 1,979; к1-2 – 3,077; к1-3 – 2,456 болды. Бұл ретте, жылдың басында капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері к1 – 2,056; к1-2 – 2,877; к1-3 – 2,352 болған.

Есепті күні ұлттық почта операторының меншікті капиталының мөлшері 10 796 млн. теңге болды, ал жылдың басында оның мәні 10 796 млн. теңге болған.

Есепті күні меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті 0,198, ағымдағы өтімділік коэффициенті 0,415.

5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

12-кесте. Банктік емес ұйымдардың кірістілігі

Банктік емес ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен	01.04.2013 млрд. теңге	01.04.2014 млрд. теңге	Өсімі, %-бен
Кірістер жиынтығы, о.і.	20,9	21,7	3,8

Сыйақы алумен байланысты кірістер	5,6	7,5	33,9
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	0,3	0,4	33,3
Басқа кірістер	15,0	13,8	-8,0
Шығыстар жиынтығы, о.і.	18,3	15,5	-15,3
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	4,0	3,9	-2,5
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	0,0	0,0	0,0
Басқа шығыстар	14,3	11,5	-19,6
Резервке аударылғанға дейінгі пайда (шығын)	2,4	5,8	141,7
Операциялар бойынша болатын залалға резервтер (резервтерді қалпына келтіру)	2,2	2,5	13,6
Корпоративтік табыс салығы төленгеннен кейінгі таза пайда (шығын)	0,4	2,9	7 есе
Таза кіріс (шығын)	0,4	2,9	7 есе

Пайыздық кірістер құрылымында ең көп үлеске өзге кірістер (63,6% немесе 13,8 млрд. теңге), берілген қарыздар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (34,5% немесе 7,5 млрд. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – басқа шығыстар (74,2% немесе 11,5 млрд. теңге) алынған қарыздар бойынша сыйақы алумен байланысты шығыстар (57,3% немесе 9,8 млрд. теңге) ие болды.

2014 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдар 2,9 млрд. теңге мөлшерінде пайда алды.

10-график. Банктік емес ұйымдардың пайдасы (шығыны), млрд. теңгемен

